



«Бекітемін»
Мектеп директоры:
С.Е.Қабдрахманова
« 31 » тамыз 2022 ж.

«Келісемін»
Оқу ісінің меңгерушісі: *А.А.А.*
Г.А.Уткелбаева
« 31 » тамыз 2022 ж.

Қаралды:
Бірлестік жетекшісі: *Ж.Ю.Ю.*
Ж.Юкова
« 31 » тамыз 2022 ж.

10-сынып үшін «Абайтану» қолданбалы курсының оқу бағдарламасы

Пән мұғалімі: Г.Қаратаева

2022-2023 оқу жылы

**Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің
10-сынып үшін «Абайтану» курсының оқу бағдарламасы**

1. Түсінік хат

1. «Абайтану» курсының бағдарламасы 2012 жылы 27 сәуірде бекітілген «Қазақстанның ішкі саясатындағы идеологиялық менеджментті қайта жаңғырту жөніндегі 2012-2013 жылдарға арналған Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының» 41 және 42- тармақтарына сәйкес әзірленді.

2. Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары, Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту – қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, мақсаткерлікке жұмылдырады. Заман, уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуы – заңдылық.

3. Бағдарламада:

Абай мұрасының XX ғасырдың 30-60 жылдарындағы зерттелу жайы қарастырылды;

ақынның өмір жолынан, туып-өскен ортасы мен әдеби мектебі, тәлім-тәрбиелік мәні зор қарасөздері, өлеңдері, аудармалары мен поэмалары, юззияға қойған биік мақсаттары, қазіргі абайтанудағы өзекті мәселелер топтастырылып берілді;

Абай шығармашылығындағы тұлға болмысы, толық адам танымдарының идеялық-көркемдік ұстаным негізіндегі байламдарын байыпты бағдарлауға назар аударылды;

Абайдың талантты ақын шәкірттерінің шығармашылығына көңіл бөлінді;

4. Бағдарлама Абай Құнанбайұлының:

қазақ әдебиетінің көшбасшысы ретіндегі құбылыстық сипатын;

ақындық әлемін, өлең өнеріндегі қайталанбас өзгешелігі мен шеберлігін;

шығыс пен еуропа, орыс әдебиеті классиктерінің туындыларымен жете танысуын және оның шығармашылық, ақындық өнеріне игі ықпалын тигізіп, поэзия мен қарасөз жанрында теңдессіз дүниелер тудырғандығын;

Абайдың әдеби мұрасының аударма арқылы дүниежүзі халықтары әдебиетінің алтын қорына қосылған жәдігер туындылар екендігін;

Абай шығармашылығының ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне жасаған идеялық-көркемдік ықпалын;

Абайтану ілімін қалыптастырған М.Әуезовтің Абайдың ақындық дәстүрінің негізгі арналарын сараптап, Абайдың ақындық мектебін айқындап, оның ақындық айналасын ғылыми жүйелеп беруінің маңызы мен мәнін оқушының ғылыми негізде ұғынуына және тарихи, ғылыми құнды нәтижелерін терең танып, білуіне;

курстың соңына қарай: «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп өсиет қалдырған қайраткер, кемеңгер ойшыл Абай «Қазақтың бас ақыны» ретінде танылуына бағытталған.

5. Курсты оқытудың мақсаты:

1) ұлы ақын шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыру

6. Курсты оқытудың міндеттері:

1) қазақ сөз өнеріндегі Абайдың орны мен ақындық болмысын тану. Абай шығармаларын оқып, білудің өзектілігін, абайтану ғылымының мол мұрасы – қазақ өмірінің тарихи факторы іспеттес екендігін ұғындыру.

2) ақынның мұрат-максаттарын, көркем-әдеби туындыларын, ғылым, білім, өнер, тәрбие мәселелері туралы өсиеттерінің маңыздылығын ілдіру арқылы оқушылардың ұлттық танымын қалыптастыру, шығармашылық қиялын дамыту, автордың ұстанымын түсінуге баулу, көркем ындының тілдік ерекшеліктерін, идеялық мәнін талдауға, пікір алмасуға үйрету, жастардың өмірден өз орнын табуға бағыттау;

3). Абайдың ақындық мектебі, поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық ұғымының мәні мен маңызын рухани кемелдік танымы тұрғысынан ыту, ақынның көркем-әдеби туындыларындағы ұлттық таным мен рухани- мәдени құндылықтарды оқушылардың бойына дарыту, ақын еяларын күнделікті тұрмыста басшылыққа алуға тәрбиелеу, шығармаларының адамгершілікті, имандылықты, махаббатты, достықты, ілеттілікті, татулықты, бірлікті жырлайтындығын келер ұрпаққа үлгі-өнеге ету.

4) абайтанудың кезеңдерін саралап, шығармашылығындағы тұлға, толық адам концепциясына қатысты өзекті мәселелерді айқындау. Ұлы ынның өмірбаяндық тың деректеріне сүйене отырып, қазақ әдебиетіндегі көшбасшылық орнын көрсету;

5) ғұлама ойшылдың философиялық ақыл-нақыл сөздерінің мән-мағынасын ашып, тәлімгерлік тағылымын сөз ету, қоғамдық құрылыс, аматтық көңіл күй, тарихи таным үрдісі туралы жазған ғылыми-философиялық трактаттарындағы көзқарастарымен таныстыру;

6) ақынның шетел ақындарының шығармаларын аударудағы шеберлігі, қарасөздері, өлеңдері мен поэмаларындағы ақындық биік мұрат, амгершілік идеяларын таныту;

7) Абай және қазіргі қазақ әдебиетінің рухани байланысын ғылыми негізде пайымдау. Қазіргі абайтанушы ғалымдардың ақын шығармаларын пттеу, жинақтау, жариялау, насихаттау турасындағы жұмыстарынан хабардар ету;

7) Курс жүктемесінің көлемі:

- 1) 10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 35 сағат;

Оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық білім мазмұны

1. 10-сыныпқа арналған «Абайтану» курсы оқу пәнінің білім мазмұны төмендегідей тақырыптардан тұрады.
2. Кіріспе. Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла-1сағат, Абай өмір сүрген дәуірдің ерекшелігі. Акынның келешек ұрпаққа арнаған адамгершілік жайлы өсиеттері. Қазіргі кездегі Абай ілімінің өзектілігі.
3. «Абай мұрасының XX ғасырдың отызыншы-алпысыншы жылдары зерттелуі» тарауын оқытуға -2 сағат бөлінген:
 - 1) абайтану мәселесіне қатысты әр алуан көзқарастар, әлеуметтік-саяси идеялар, Ғ.Тоғжанов, Н.Төреқұлов, І.Қабылов, С.Мұқанов, Е.Смайылов, З.Шашкин, т.б. Абай еңбектеріне қатысты зерттеулері, ой- пікірлері.
4. «Абай шығармаларындағы білім, өнер тақырыбы» тарауын оқытуға -6 сағат бөлінген:
 - 1) акын қарасөздеріндегі философиялық ойдың ұлттық дүниетаныммен үндес келетіндігі, Абайдың өнер, еңбек, талап, ықылас-ынта, қайрат-қажыр, терең ой, т.б. адами қасиеттер турасындағы ой тұжырымдары;
 - 2) «Талапты ерге нұр жауар» -2 сағат, отыз екінші қарасөзіндегі ғылым, білім үйренудің мақсатын айқындауы, ғылым-білімді іске жарату, оны ақиқат мақсатпен үйренуге назар аударуы, хақиқат, ақыл, бахас ұғымдары жөніндегі танымы.
 - 3) «Еңбек етсең ерінбей» -1 сағат, отыз үшінші қарасөзінде қазақтың қолы өнерлі адамын Абайдың әулие санауы, жастарға артық ісмерлер іздеп, өнер арттыруды, түзден өнер іздеуге бағыт-бағдар көрсетуі, көлөнерді дамытуға кері әсер ететін талапсыздық, еріншектік, мақтаншақтық, тамыршылық кеселдерінен сақтануды айтуы;
 - 4) «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңі-2 сағат, өлеңнің идеясы, өлеңге қойған эстетикалық талабы, акындықтың мұрат-мақсаты туралы, поэзияның қоғамдық мәні мен міндетіне зор маңыз беруі, аят, хадис, бәйітсымал, мешіт, мінәжат, уәли сынды дін деректерімен өлеңнің бағасын халық ұғымына түсінікті етіп айтып беруі, сөздің асылы ретінде поэзияны жоғары бағалауы;
 - 5) «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңі- 1 сағат, поэзияның әлеуметтік мәні жөніндегі тың түйіні, пікір сонылығы, бейнелеу, айту ерекшелігі, акынның «өлеңі бар, өнерлі інілеріне» жөн-жоба көрсетуі.
5. «Безендіріп жер жүзін тәңірім шебер» тарауын оқытуға - 7 сағат бөлінген:
 - 1) Абайдың табиғаттың көркем көріністерін жырлайтын лирикалық туындылары, табиғат құбылыстарын күнделікті өмірмен, адамдардың күнкөріс, іс-әрекетімен, көңіл-күйімен ағастыра суреттеу шеберлігі;
 - 2) Табиғат лирикасы-3сағат, «Желсіз түнде жарық ай» өлеңінде акынның түнгі табиғат көріністерінің әсем суретін поэзия тілімен өрнектеуі, акын кейіпкерлерінің сезім толқыныстарын табиғат құбылыстарымен ағастыра бейнелеуі.
 - 3) «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай» өлеңіндегі Абайдың өз тұсындағы қоғамдық, тұрмыстық жүйеге көзқарасы, елдің шаруашылық әрекеті, тіршілік тәсілі, табиғат қабағын баққан мінезін суреттеу шеберлігі,
 - 4) «Көлеңке басын ұзартып» өлеңінде акынның адам көңіл күйін шебер суреттеуі, акынның тыңдаушысын таппай қапаланған шағындағы сезім толғанысы, акынның философиялық ой түйіні;
 - 5) Абайдың қарасөздеріндегі еңбек туралы таным мен толғам - 1сағат, отыз жетінші қарасөзіндегі Абайдың дүниетанымдық көзқарастары, адам болмысы жайындағы танымы, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастарды түсіндіруі, акынның көңілде жүрген көрікті ойларын мақал-мәтел етіп өрнектеуі;
 - 6) «Малға достың мұңы жоқ, малдан басқа» өлеңі-2 сағат, акынның адал еңбекпен мал табуды насихаттауы, ар-ұяттан безген тойымсыз би, болыстарды шенеуі, адамның үш асыл қасиеті ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек деген ой түйіні;
 - 7) «Түбінде баянды еңбек егін салған» өлеңіндегі акынның жас ұрпақты еңбек етуге, отырықшылыққа шақыруы, оқу оқып, білім алуға, білімін халықтың қажетіне жаратуға үндеуі.

6.. «Қолдан келе бере ме жұрт меңгермек» тарауын оқытуға - 6 сағат бөлінген:

1) Абайдың билік, ел басқару, қоғамдық құрылыс, халық тарихына қатысты қайраткерлік қажыр танытып, азаматтық үнін естіртуі;

2) «Би екеу болса, дау төртеу болады» -2 сағат, үшінші қарасөзіндегі халық мүддесіне қызмет ету жөніндегі пікірлері, биліктің құрылымы жөнінде ой айтуы, үшінші сөздің көсемсөз (публицистика) жанрына жататындығы, ақынның саяси-әлеуметтік болмыс туралы толғанысы;

3) «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңі-4 сағат, өлеңнің идеялық мәні, Абайдың қазақ қоғамындағы әділетсіздік, зұлымдық іс-әрекеттер жайындағы ойлары, алуан түрлі адамдардың психологиясын суреттеу шеберлігі;

4) «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» өлеңінде Абайдың сол дәуірдегі қоғамдық-әлеуметтік топтардың іс-әрекетін әшкерелеуі, еңбексіздікті, алармандық мінез-құлықтарды сатира тілімен сынауы, ақынның алдамшылық, жәдігөйлік, айлакерлікке қатысты байламы, өлеңдегі түйінді ой;

5) «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» өлеңіндегі ақынның өрелі ойы, ел жағдайы туралы ой қорытуы, ақынның қосанжар өмір құбылысын салыстыруы, ақынның айтқалы отырған негізгі ойы;

6) «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңіндегі ақынның дүние, әлем туралы танымы, заман сырын, адам құлқын философиялық таразылауы, ой қуып, ақылға еру хақында, өлеңдегі өмір құбылыстарын суреттеу ерекшелігі, әлеуметтік өмірдің шынайы суреттері, адамгершілік, әділеттілік мәселелері.

7. Сыншыл, сатиралық мазмұндағы шығармаларын оқытуға - 4 сағат бөлінген:

1) ақын сынының негізгі объектісі мен тақырыбы, Абайдың өз заманындағы қоғамдық қайшылықтарды, ел билеу жүйесін, ұлық, болыс, би, т.б. пысықтардың жемқорлық айла-амалдарын әшкерелеу шеберлігі;

2) «Ұлы сия, ащы тіл»-1 сағат, он бірінші қарасөзіндегі ант, серт, ұят, адалдық ұғым-түсініктері, жағымсыз мінез, қылықтарды сынауы, ұлықтардың қарапайым жұртты алдап, ел ішіндегі бұзақыларды тыймауының салдары неге әкеліп соқтыратыны жайында айтқан пікірлері;

3) «Адасқанның алды жөн, арты сокпак» өлеңіндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерге сыншылдықпен қарауы, әлеуметтік теңсіздік туралы ойлары, ел үстінен күн көрген алаяқ би, болыстарды, мал-мүліктің буына семірген байлар мен патша әкімдерін сынауы;

4) «Байлар жүр жиган малын қорғалатып» өлеңінде пысықтардың, қу мен сұмдардың елге салған лаңын айтуы, адал еңбекті, тыныштықты сақтау жайындағы пайымы, заман келбетін, әлеуметтік қайшылықты сипаттауы, адал еңбек еткен малды байларды жем етіп жүрген атқамінер әкімсымақ, қу пысықтарды шенеуі;

5) «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңіндегі адамгершілік қасиеттерден ада адамдардың іс-әрекеті туралы ойлары, адам психологиясының келеңсіз жақтары, аярылық мінезі жайындағы тұжырымдары, ақынның әлеуметтік, саяси көзқарасы.

8. Абайдың аудармаларын оқытуға - 2 сағат бөлінген:

1) Абайдың Лермонтовтан аударған «Тұтқындағы батыр», «Өзіңе сенбе, жас ойшыл» өлеңдері, орыс классиктерімен үндестігі, аудармашылық шеберлігі, көркемдік қиял, еркін аударма, аудармаларындағы ұлттық бояу нақыштар, қоғам мен заман сырының мән-мағынасы, ақын аудармаларының негізгі тақырыбы.

9. Поэмаларын оқытуға - 3 сағат бөлінген:

1) «Масғұт» поэмасы-1 сағат, поэманың тақырыбы, идеялық-көркемдік маңызы, поэмадағы шығыстық сарындар, ақынның шығармасына арқау еткен адамгершілік идеясы, поэманың тәрбиелік мәні;

2) «Өзім әңгімесі» дастаны-1 сағат, «Өзім әңгімесі» поэмасының «Мың бір түн» хикаяларымен үндестігі, Абайдың поэмасына желі, арқау болған уақиғалар, поэманың аяқталмағандығы, шығыстық хикаяларды ақын өзіне қажет ұстаздық, тәрбиелік ой-мақсаттарға пайдаланып, көпке үлгі етуді мақсат еткендігі.

10. Шығармашылық жұмыс 2

11. Қорытынды сабаққа - 1 сағат бөлінген.

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

10-сыныптардың соңында оқушылар:

- 1) ақын өмір сүрген дәуірді және халық ауыз әдебиеті шығармаларын оқып, үлкендерден естіп, жадына тоқығандығын білуі;
- 2) шығыс, батыс және орыс әдебиеттерінің інжу-маржандарын оқып танысқандығын білуі;
- 3) ақын мұраларының зерделенуі мен абайтану ғылымының қалыптасу тарихын, кезеңдерін білуі;
- 4) ғұлама ойшылдың ғылым, білім, өнер, ел билеу, тарих, қоғамдық құрылыс, азаматтық көңіл күй, табиғат көрінісі, махаббат, діни таным тақырыбында және сыншылдық көзқараста жазылған философиялық қарасөздерінің, өлеңдерінің, поэмаларының, аудармаларының мән-мағынасын, маңызын түсінуі;
- 5) ақынның ән мен күй өнері хақындағы пайымдауларын түсінуі;
- 6) қазіргі абайтану ғылымының даму бағыттарын, абайтану – қазақ әдебиеттану ғылымының бір саласы екендігін білуі;
- 7) Абайдың «Толық адам» философиясы мен «Иманигүл», «Хауас», «Жәуанмәртлік» ілімдері туралы білулері;
- 8) ұлы ақынның философиялық ақыл-нақыл сөздерінің маңыздылығын, мән-мағынасын түсінуі;
- 9) ақынның қазақ поэзиясына енгізген жаңалығын, аудармашылық шеберлігін танып білуі;
- 10) абайтану бойынша курс жұмыстарын, ғылыми жобалар жаза білуі;
- 11) абайтануға қатысты ғылыми әдебиеттермен жұмыс істей білуі;
- 12) оқушы өзіне қажетті материалдарды интернет арқылы тауып, пайдалана білуі;
- 13) Абай атымен байланысты ғылым және өнер ордаларымен шығармашылық қарым-қатынасқа түсе білуді меңгерулері тиіс.

Оқушылардың «Абайтану» курсы таңдау пәні бойынша игерген білімдерінің нәтижелері:

- 1) Абай шығармаларының зерттелуін және ақынның өлең, қарасөз, поэма жазудағы суреткерлік өнері мен аударма жасаудағы шеберліктерін білуі;
- 2) өлеңдері, қарасөздері, поэмалары, аудармаларының тақырыбын, идеялық негізін, маңызын талдай отырып, суреттеу шеберлігін айқындай алуы;
- 3) философиялық тұрғыдан жазылған қарасөздерінің тақырыптарын, ондағы авторлық ұстанымдарды және маңызын көрсете білуі;
- 4) ақын аудармаларының ұлттық көркем ойды байытып, шағын уақиғалы поэма жазудағы шеберлігін білуі;
- 5) Абай өлеңдерін талдай отырып, суреткерлік шеберлігін, ақындық қуатын, көркемдік шешімін, қазақ өлеңіне енгізген жаңалығын айқындай білуі тиіс

Оқуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

- 1) Абай «Шығармаларының екі томдық толық жинағы» Алматы «Жазушы» 2005 ж;
- 2) М.О.Әуезов Абай Құнанбаев «Монография. Мақалалар, зерттеулер» Алматы «Санат» 1995 ж;
- 3) М.Бейсенбаев «Абай және оның заманы» Алматы «Жазушы» 1988 ж;
- 4) Тұрсын Жұртбай «Құнанбай / Тарихи және әдеби тұлға» Алматы «Алаш» 2004 ж;
- 5) М.О.Әуезов «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» Алматы «Ғылым» 1988 ж;
- 6) М.О.Әуезов «Абай жолы» 4 том, Алматы «Жазушы» 2007 ж;
- 7) Абай туралы естеліктер, Семей 2010 ж;
- 8) Қ.Мұқамедханов «Абайдың ақын шәкірттері» Алматы 1994 ж;
- 9) Ұ.Әбілдаұлы «Абайды оқу әліппесі» Алматы «Рауан» 1994 ж;
- 10) М.Мырзахметұлы «Абай жүрген ізбенен» Алматы «Қазақстан» 1985 ж;
- 11) Б.Байғалиев «Абай өмірбаяны мұрағат деректерінде» Алматы «Арыс» баспасы, 2001 ж;
- 12) «Абай энциклопедиясы «Атамұра» 1995 ж;
- 13) М.О.Әуезов және Абайтану проблемалары, Алматы, 1982 ж;
- 14) Қ.Мұқамедханов «Абай мұрагерлері» Алматы «Атамұра» 1995 ж;
- 15) М.Мырзахметұлы «Әуезов және Абай» Алматы «Қазақстан» 1997 ж;
- 16) М.О.Әуезов «Абайды білмек парыз ойлы жасқа» Алматы «Санат» 1997 ж;
- 17) Абайтану тарихы, Алматы, 1994 ж;
- 18) Қ.Өмірәлиев Абай афоризмі;
- 19) М.Мырзахметұлы «Абайды оқы, таңырқа», «Ана тілі» 1993 ж;
- 20) Т.Қожакеев «Абай-сатирик» «Білім» қоғамы, 1970 ж;
- 21) Қ.Мұқамедханов «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» Қаз.Мем.КӘБ, 1959 ж;
- 22) Абай тілінің сөздігі «Ғылым» 1968 ж;
- 23) Т.Тәжібаев «Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастары» Қаз.Мем.КӘБ, 1957 ж;
- 24) К.Шаймерденова «Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарастары» «Рауан» 1990 ж;
- 25) Республикалық «Абай» журналы.

10-сынып Абайтану

Сабактың тақырыбы	Сағат саны	Күні	Іскерлік дағдыны қалыптастыру	Оқыту әдісі
Кіріспе. «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла-,	1	02/09	Абай өмір сүрген дәуірдің ерекшелігі. Келешек ұрпаққа арнаған өсиеттері	Баяндау Сұрақ-жауап Талдау
«Абай мұрасының XX ғасырдың отызыншы-алпысыншы жылдары зерттелуі» 2 сағат				
Абайтану мәселелері	1	09/09	Е.Смайылов, З.Шашкин, т.б. Абай еңбектеріне қатысты зерттеулері, ой- пікірлері	Баяндау Сұрақ-жауап Талдау
Абай еңбектеріне қатысты зерттеулер, ой пікірлер.	1	16/09	Е.Смайылов, З.Шашкин, т.б. Абай еңбектеріне қатысты зерттеулері, ой- пікірлері	Баяндау Сұрақ-жауап Талдау
«Абай шығармаларындағы білім, өнер тақырыбы» тарауы -6 сағат				
Адами қасиеттер туралы ой тұжырымдар	1	23/ 09	отыз екінші қарасөзіндегі ғылым, білім үйренудің мақсатын айқындауы,	Баяндау Сұрақ-жауап Салыстыру
«Талапты ерге нұр жауар»	1	30/09	отыз екінші қарасөзіндегі ғылым, білім үйренудің мақсатын айқындауы,	Баяндау Сұрақ-жауап
«Еңбек етсең ерінбей»	1	07/10	отыз үшінші қарасөзінде жастарға артық ісмерлер іздеп, бағыт-бағдар көрсетуі,	Баяндау Сұрақ-жауап
«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңі	1	14 /10	өлеңнің идеясы, поэзияның қоғамдық мәні мен міндетіне зор маңыз беруі	Баяндау Сұрақ-жауап
Сөз асылы поэзия	1	21/10	поэзияның әлеуметтік мәні жөніндегі тың түйіні, айту ерекшелігі	Баяндау Сұрақ-жауап Салыстыру
«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»	1	28/10	поэзияның әлеуметтік мәні жөніндегі тың түйіні, айту ерекшелігі	Баяндау Сұрақ-жауап Салыстыру
«Безендіріп жер жүзін тәңірім шебер» тарауы- 7 сағат				
Табиғат лирикасы «Желсіз түнде жарық ай»өлеңі	1	11.11	«Желсіз түнде жарық ай» табиғат құбылыстарымен ағастыра бейнелеуі.	Сұрақ-жауап Талдау
«Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі	1	18.11	Өз тұсындағы қоғамдық, тұрмыстық жүйеге көзқарасы,	Баяндау

ай»			суреттеу шеберлігі,	Сұрақ-жауап Талдау
«Көлеңке басын ұзартып» өлеңі	1	25 11	Адам көңіл күйін шебер суреттеуі, философиялық ой түйіні;	Мәнерлеп оқу Сұрақ-жауап Талдау
Абайдың қарасөздеріндегі еңбек туралы таным мен толғам	1	02\12	37 қарасөзіндегі дүниетанымдық көзқарастары,	Мәнерлеп оқу Сұрақ-жауап Талдау
Шығармашылық жұмыс	1	09 12		Талдау
Отыз жетінші қарасөз	1	23 12	Адал еңбекпен мал табуды насихаттауы, тойымсыз би, болыстарды шенеуі,	Мәнерлеп оқу Сұрақ-жауап Талдау
«Малға достың мұңы жоқ, малдан басқа»	1	30 12	Жас ұрпақты еңбек етуге, білім алуға, білімін қажетіне жаратуға үндеуі.	Мәнерлеп оқу Сұрақ-жауап Талдау
«Қолдан келе бере ме жұрт менгермек» тарауы - 6 сағат				
«Түбінде баянды еңбек егін салған»	1	13\01	3 қарасөзіндегі халық мүддесіне қызмет ету саяси-әлеуметтік туралы толғанысы;	Баяндау Сұрақ-жауап Талдау
«Би екеу болса, дау төртеу болады»	1	20 01		
Үшінші қарасөз	1	27 01	Абайдың қазақ қоғамындағы әділетсіздік, зұлымдық іс-әрекеттер жайындағы ойлары, алуан түрлі адамдардың психологиясын суреттеу шеберлігі	Баяндау Сұрақ-жауап Талдау
«Көңілім қайтты достан да дұшпаннан да» өлеңі	1	03\02	сол дәуірдегі қоғамдық-әлеуметтік топтардың іс-әрекетін әшкерелеуі,	Баяндау Сұрақ-жауап Талдау
«Қартайдық қайғы ойладық, ұлғайды арман»	1	10.02	ақынның өрелі ойы, ел жағдайы туралы ой қорытуы, өмір құбылысын салыстыруы,	Сұрақ-жауап Талдау Тест
«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек»	1	17. 02	дүние, әлем туралы танымы, заман сырын, адам құлқын философиялық таразылауы,	Дәріс сабақ Талдау
Сыншыл, сатиралық мазмұндағы шығармалары- 4 сағат				
«Улы сия, ашы тіл»-	1	24. 02	11 қарасөзіндегі ант, серт, ұят, адалдық ұғым-түсініктері, жағымсыз мінез, қылықтарды сынауы,	Дәріс сабақ Талдау Сұрақ-жауап
«Аласқанның алды жөн, арты соқпақ»	1	03.03	әлеуметтік маңызы бар мәселелерге сыншылдықпен қарауы,	Дәріс сабақ Талдау

5 «Аласқанның алды жөн арты сокпақ» өлеңі	1	10.03	пысықтардың, қу мен сұмдардың елге салған лаңын айтуы, , қу пысықтарды шенеуі;	Сұрақ-жауап Дәріс сабақ Талдау Сұрақ-жауап
«Байлар жүр жиған малын қорғалатып» өлеңі	1	17.03	адамгершілік қасиеттерден ада адамдардың іс-әрекеті туралы ойлары,	Дәріс сабақ Талдау Сұрақ-жауап
. Абайдың аудармаларын оқыту- 2 сағат бөлінген:				
«Тұтқындағы батыр», «Өзіңе сенбе, жас ойшыл»	1	31.03	орыс классиктерімен үндестігі, аудармашылық шеберлігі, көркемдік қиял, еркін аударма,	Дәріс сабақ Талдау Сұрақ-жауап
Абай және Лермонтов	1	07.04	аудармаларындағы ұлттық бояу нақыштар, қоғам мен заман сырының мән-мағынасы, ақын аудармалары	Талдау Сұрақ-жауап
«Тұтқындағы батыр», «Өзіңе сенбе, жас ойшыл»	1	14.04	логикалық ойлау қабілеттерін өмірге деген көз қарасын дамыту. Шығармашылық белсенділіктерін шыңдау	
«Масғұт» поэмасы	1	21.04		
Абайдың поэмалары- 3сағат				
Поэмадағы шығыстық сарындар	1	28.04	поэmanın тақырыбы, идеялық-көркемдік маңызы, поэмадағы шығыстық сарындар, ақынның шығармасына арқау еткен адамгершілік идеясы, поэmanın тәрбиелік мәні;	Баяндау Сұрақ-жауап Талдау
«Өзім әңгімесі» дастаны	1	05.05		
«Өзіңе сенбе, жас ойшыл» өлеңдері,	1	12.05	поэmanın аяқталмағандығы, шығыстық хикаяларды ақын өзіне қажет ұстаздық, тәрбиелік ой-мақсаттарға пайдаланып, көпке үлгі етуді мақсат еткендігі.	Баяндау Сұрақ-жауап Талдау
Шығармашылық жұмыс	1	19.05	Жыл бойы алған білімдерін жинақтау, саралау, бағалау	Білімді бекіту
Қорытынды сабақ		26.05	Алған білімді жүйелеу	Ой түйіндеу